

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

*«Ұлттық қазына»*

*Вариативтік компонент*

*Ересек (4 жас) «Қарлығаш» тобы*

*2023-2024 оқу жылы*

## *Кіріспе*

### *Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық этнопедагогикасын қолданудың мәні*

Қанша заман өтсе де, маңызын жоймаған этнопедагогиканы, яғни халықтық педагогиканы тәлім-тәрбиенің түп қазығына айналдыру ата-ананың да, қоғамның да басты борышы.

Қоғамның барлық тарихи даму кезеңдерінде халық педагогикасы жайлы ұғымды анықтау, әр түрлі ғылыми-педагогикалық көзқарастарды қалыптастыру проблемаларына көптеген ғалымдар, педагогтар көңіл аударды, құнды пікірлер айтты, өмірлік мұра қалдырды.

Халық педагогикасын жан-жақты зерттеген ғалымның бірі Г.Н.Волков. Ол ең алғаш рет «Этнопедагогика» терминін қолданды. Ал қазақ тілінде этнопедагогиканың мән мағынасын ашқан ғалым Қ.Жарықбаев. Этнопедагогика жас ұрпақты тәрбиелеуде халық тәрбиесін негізге алады.

Халық педагогикасы – бұл ұлттық қазына. Ұлттық тәрбие беру мәселесі әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридың еңбектерінде көрініс табады. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары түркі халықтарының тәрбиелік ерекшеліктеріне үлкен мән бере отырып, ұлттық тәрбие берудің әдіснамалық негізін жасады. Халқымыздың кемеңгер ағартушылары Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, т.б. педагогикалық мұрасында тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңыздылығы мен мазмұны ашып көрсетілді.

Тәрбиенің қайнар көзі ретінде халықтық педагогиканың аумағы кеңейе түседі. Олар: ертегілер, жырлар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мазақтамалар, мақал-мәтелдік сөздер, ұлттық салттар мен дәстүрлері, халықтық ойындар мен ойыншықтар.

Ертегілер баланы қызықтырады, сөзді тыңдай білуге үйретеді, оның қиялын дамытады, жан-дүниесін, мінез-құлқын қалыптастырады, дарын нышандарын өрнектейді.

Жаңылтпаштар баланың тілін ширатады. Жаңылтпаштың дүниетанымдық түрлері мен тәрбиелік нұсқалары әрі баланың тілін ширатып, әрі ой-өрісін кеңейтеді.

Жұмбақтар мен жұмбақ айтыстар баланың ойын, қиялын шарықтатып, қисындық пайымдау қабілетін дамытады, оны тапқырлыққа баулиды. Санамақтар баланың ойлау жүйесін жетілдіріп, оның сюжеті нұсқаларға тапқырлық танытуға құштар

етеді, дүниетанымдық мәнде құрылған санамақтар балғын жастың тапқырлық қабілетін дамытуға септігін тигізеді. Мазақтамалық, әзіл уытымен баланың басындағы кемшіліктерді көрсетіп, сергектікке тәрбиелейді, дегенмен, ертеде құрылған мазақтамалардың анайы түрлері де болған, халықтың мәдениеті өскен сайын, ауыз әдебиетінің бұл түрі сыпайы сын, әдемі әзіл түрінде құрылып жүр. Мақал-мәтелдер халықтың жиі қолданатын тәрбие құралы. Қазақ халқының мысалдап, мәтелдеп, мақалдап сөйлейтін ұлттық, ерекшелігіне сәйкес оның мақал-мәтелдері де мол. Ауыздан ауызға тарайтын бұл жанрды халық күн сайын толықтырып отырады.

Халықтық ойындар мен ойыншықтар бала тәрбиесінде елеулі орын алады. «Ақсерек пен көксерек», «Алтыбақан» сияқты ойындармен бірге, «Көкпар», «Аударыспақ» тәрізді спорттық сайыстар дене тәрбиесінің асыл арқауы. Жас қыздар қуыршақ ойынын кейде күрделендіріп «қуыршақ театры» сияқты сюжетте құрып ойнайтын. Әсіресе қыз баланың үй ішінің тіршілігіне үйренуі осы қуыршақ ойындарынан басталады. Ертеде ойыншықтарды, көбінесе балалардың өздері жасап, өз талғамы, өз еңбек, өз өнері арқылы іске бейімділігін, ойын дамытып отырған.

Ұлттық мерекелер мен тойлардың да тәрбиелік мәні зор. «Шәлдехана тойы», «Тұсау кесер», «Атқа мінгізу», «Наурыз тойы» тағы басқа тойлар мен мерекелер баланы шаттыққа бөлейді. Тойдың болағынан боладысы қызық деп, халық тойға дайындық кезінде балаларды өнерге ынталандырып, еңбекке баулиды, салтанатты салттарды қайта өткізу жолдарын үйретеді. Әулеттік тағылымдар мен тәжірибелер бір атадан тараған әулеттік тұрмыстық, әдептік өзгешеліктері болып табылады. Халықтық педагогика тәлім-тәрбиелік ой-пікірін бастауы, халықтың рухани мұрасы. Сондықтан қазіргі таңда этнопедагогикалы оқу-тәрбие жұмысына мақсатты түрде енгізіп отыр.

**Мақсаты:** этнопедагогика негізіне сүйене отырып, балалардың дүниетанымын кеңейту.

**Міндеті:**

- \*Халық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері негізінде ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
- \*Жас ұрпақты халқымыздың озық ойымен, әдебиеті және мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен таныстыру.
- \*Қоршаған ортаға және үлкендерге деген сыйлы қарым-қатынасқа тәрбиелеу.
- \*Жұмыс барысында халық әндерімен, билерімен, халық шығармашылығының ауыз әдебиеті түрлерімен таныстыру.

\*Сурет салу және мүсіндеу оқу қызметтерінде ою-өрнектерді және халық қолөнерінің элементтерін қолдану.

\*Үй жануарларының адам өміріндегі пайдасы туралы әндер мен тақпақтарды, олар туралы мақал-мәтелдерді пайдалану.

\*Қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныстыру. Олардың баланың логикалық ой-өрісін дамытудағы рөлі.

### **Күтілетін нәтиже:**

- салт-дәстүрді бойына сіңіреді;
- ұлтжандылыққа тәрбиеленеді;
- рухани құндылықтарымызды сақтайды;
- бала ұлттық ойындар арқылы тәрбиеленеді;
- мәдени мұрамызбен танысады.

### **Балабақшада қазақ этнопедагогикасын пайдалану іс-тәжірибесі**

Инновациялық тәжірибе жұмыстары қашанда педагогтың еңбек жолындағы дамуына өзгерістер әкеледі.

Алға қойылған міндеттерді түбегейлі шешу мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие беру бойынша вариативтік компонент жоспары құрылды. Бөбекжай-бақша бойынша ересек топ (4-5 жас) балаларына қазақ этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізіледі.

### **Мектеп жасына дейінгі балаларға халық педагогикасы құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру бағдарламасы**

#### **Салт-дәстүр, әдет-ғұрып**

Тәрбиеленушілерді халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу.

#### **Шешендік сөздер**

Шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер, ертегілердің қойылымдарын жасап, оларды сахналауды жеке тұлғаның қалыптасуына әсері мен ықпалы, тәрбиелік мәні

ерекше. Шешендік көркем сөздер мен мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар баланы мәнерлі, көркем сөйлеуге, шешендікке үйретеді, адамгершілікке, сұлулыққа, тапқырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейді.

### **Ата-баба дәстүрі – ұрпақтарға өнеге**

Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыруда, оны жан-жақты дамытып тәрбиелеуде үлгі-өнеге болатын ұлы ғұламалар мен хандар, билер, батырлар, классик ақын-жазушылар, ағартушылар, өнер адамдарың өмірі мен олардың жасаған туындыларын таныстырып, ерлік істерін үлгі ету, мақтаныш сезімдерін ояту.

### **Әуен-саз**

Музыкалық шығармалардың авторы және айтыс, терме, жыр, күй, ұлттық би өнері туралы тәрбиеленушілерге тереңірек білім беру. Айтыс, терме, жырларды үйрету арқылы ұлттық өнерге деген қызығушылыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

### **Ұлттық сәндік–қолданбалы өнер**

Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық сәндік-қолданбалы өнер түрлері: зергерлік бұйымдар, ұлттық киімдер, киіз үй жабдықтары мен оның жасау-жиһаздар мен оларды өрнектеген ою-өрнек түрлерін таныстыру. Халықтың шеберлігін, ұлттық ою-өрнектерінің әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.

### **Ұлттық тағам**

Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тағам түрлері мен оның жасалу жолдарын таныстыру, ұлттық тағам түрлері еттен, ұннан, сүттен жасалатыны туралы түсінік беру.

### **Табиғат тынысы**

Туған жердің байлығы орман, тоғай, қорықтар және оны мекен еткен жануарлар, құстар, өсімдіктермен таныстыру, оларға қамөор бола білуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.

### **Ұлттық ойындар**

Ұлттық ойындарды үйрету барысында баланың тілін дамыту, бір-біріне деген достық, ынтымақ, ұйымшылдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді дамыту және батылдыққа, ұқыптылыққа, зеректікке, төзімділікке тәрбиелеу.

### **Имандылық иірімдері**

Туыстық қарым-қатынастар, туыстық атаулар мен жеті ата туралы түсінік беру. Айналадағы қоршаған адамдардың іс-әрекетін бағалап, жылы шырай білдіру, сыпайы сөйлеу, әдемілік сақтау, достық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, бауырмалдыққа баулу, жағымсыз жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу.

Ойын - мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті болғандықтан, ойын түрлері этнопедагогика материалы ретінде негізге алынды. Ойындар картотекасы дайындалып, қажетті құралдар жасақталды.

Балаларға дұрыс тұлғалық қатынас жасау, әрбір тәрбие жұмыстарын ізгілендіру қағидалары негізінде құру. Жүйелілікті басшылыққа алу принциптері тәрбиешінің балаларға ұлттық тәрбие беру тиімділігін қамтамасыз етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға этнопедагогика, халық педагогикасы құралдары арқылы ұлттық тәрбие берудің мазмұнын эксперименттік түрде тексеру оның барлық кезеңдерінде нәтижелі екендігін дәлелденген.

### **Қорытынды**

Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық тәрбие берудің жай-күйін талдау зерттеліп отырған мәселенің көкейкестілігін айқындап берді. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарымыздан ажырап қалмас үшін балабақшадан бастап қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, сан-сезімін, мінез-құлқын балалардың бойына сіңіру мәселесінің педагогика ғылымында қажеттілігі артып отырғандығын дәлелдеді.

Қазақ халқының ұлы ойшылдарының, көрнекті ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің құнды ой-пікірлерін зерделеу және тақырыпқа сәйкес ғылыми еңбектерді оқып-үйрену ұлттық тәрбиенің мәнін айқындап, оның негізгі халықтық педагогика екендігін анықтауға мүмкіндік берді. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық тұлғасын қалыптастыру мен дамыту үшін ең алдымен оның жас және дербес ерекшеліктерінің психологиялық-педагогикалық негіздерін есепке ала отырып, ұлттық тәрбие берудің ұлттық психологияның негізгі ұстамдарына сәйкес жүзеге асыру қажеттілігі анықталды. Мектеп жасына дейінгі балаларға этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру балабақшада оқу-тәрбие процесін сабақтар мен тәрбие жұмыстарының мазмұнын жетілдіру қажеттігін дәлелдейді. Тәжірибелік-экспериментальдық жұмыс нәтижелері этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру жүйесінің тиімді екенін көрсетті.

Зерттеу проблемасы күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын қамтып шығу мүмкін емес. Халық педагогикасының мазмұны арқылы балаларға этномәдени білім беру, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мәселелерін зерттеу келешектің ісі болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ақадықова Б. «1001 мақал». // Қазақстан мектебі 2003ж; №7.
2. Арғынбаев Х. «Қазақ отбасы» - Алматы: «Қайнар»; 1996ж.
3. Асарбаева А. Ұлттық ойындар – халық педагогикасының құрамдас бөлігі. // Ұлт тағылымы 2002ж; №2.
4. Әбдіқадырова Г. Халықтық педагогиканың мәні зор. // Қазақстан мектебі. 2003ж; №8
5. Әбілова
3. Қалиева Қ. «Этнопедагогика», Алматы; 1999ж. 6. Әбуова А.
- Жаңылтпаштар – тәл дамыту құралы // Бастауыш мектеп; 2003ж.
7. Нұрғанова З. «Ертегілер еліне саяхат» // Бастауыш мектеп 2002ж, №10;
8. Сағындықов Е. «Қазақтың ұлттық ойындары» - Алматы: «Рауан», 1994ж;
9. Сауранбаева Н. «Ұлттық әдет-ғұрыптар туралы» - Алматы, 1968ж;
10. Табылдиев Ә. «Халық тағылымы» - Алматы: Қазақ университеті, 1992ж;
11. Табылдиев Ә. «700 жұмбақ» - Алматы: «Жалын», 1985ж;
12. Табылдиев Ә. «Қазақ этнопедагогикасы» - Алматы: «Санат», 2001ж;
13. Төлебекова Р. «Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика» - Алматы, 1994ж;
14. Ұзақбаева С. «Тамыры терең тәрбие» - Алматы: «Білім», 1995ж; 15. Ұзақбаева С. «Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрлері» - Алматы: «Білім», 1990ж.

## «Ұлттық қазына» вариативтік компоненттің күнтізбелік жоспары

	<i>P/c</i>	<i>Тақырыптар</i>	<i>Мақсаты</i>	<i>Сағат саны</i>
<b>Ата-баба дәстүрі ұрпаққа өнеге</b>	1	Қазақ хандары, ақындары	Баланы жан-жақты дамытып тәрбиелеуде үлгі-өнеге болатын ұлы ғұламалар мен хандар, билер, батырлар, ақын-жазушылар, өнер адамдары өмірі мен олардың жасаған туындыларын, ерлік істерін үлгі ету, мақтаныш сезімдерін ояту.	<b>2</b>
	2	Ырымдар-тыйым сөздер, бата-тілектер	Балаларды халықтың салт-дәстүрлері мен сабақтастығын түсіндіру. Әдептілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.	<b>2</b>
<b>Шешендік сөздер</b>	3	Жұмбақтар, жаңылтпаштар, са намақтар	Жұмбақ шешу арқылы айналадағы өмір тылсымын, сипаттап айту арқылы баланың қиялын қанағаттандырып, тапқырлыққа баулу. Жаңылтпаштар айту арқылы балалардың тілін ширату, дүниетанымын дамыту, ойлау жүйесін жетілдіріп, тапқырлық қабілетін дамыту.	<b>2</b>
	4	Мақал-мәтелдер;	Баланың ойлау жүйесін жетілдіру, тапқырлық қабілетін дамыту, сергектікке тәрбиелеу. Балаларға мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіру үшін мақалдағы әрбір сөздің мағынасын ашып түсіндіру. Туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу.	1
	5	Ерте-ерте, ертеде...	Ертегідегі кейіпкерлер арқылы шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу, қиялын дамыту.	1
<b>Ұлттық</b>	6	Орамал тастамақ	Балаларды шыншылдыққа,	1

<b>ойындар</b>			мейірімділікке, сөзді тыңдай білуге, ақыл-ойының жетілуіне тәрбиелеу, қиялын дамыту.	
	7	Арқан тарту	Балаларды ептілікке, батырлыққа баулу, шапшандықтарын жетілдіру. Ұлттық, тұрмыс, салт-дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру. Бір-біріне деген құрмет, жеңуге деген ұмытылысты дамыту.	1
	8	Ақсерек-көксерек	Ұлттық ойындарды үйрету барысында баланың тілін дамыту, бір-біріне деген достық, ынтымақ, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	1
	9	Түйілген орамал	Балаларды халық ойындары арқылы қлттық мәдениет көздеріне тарту, есте сақтау қабілеттерін дамыту, батылдыққа тәрбиелеу.	1
<b>Әуен-саз</b>	10	Халық әндерін, күйлерін тыңдау	Музыкалық шығармалардың авторы жыр, күй, ұлттық и өнері туралы тәрбиеленушілерге тереңірек білім беру, қлттық өнерге деген қызығушылыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	2
	11	Ұлттық аспаптармен таныстыру	Балаларды ұлттық аспаптармен таныстыру, ұлттық аспаптарын әуендерін тыңдап, ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық өнерге деген көзқарастарын кеңейту.	1
	12	Айтыс өнерімен таны шешенстыру	Айтыс ақындардың таланттарын, өнерімен таныстыру, шешендікке тәрибилеу. Ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттыру.	1
<b>Имандылық ірімдері</b>	13	Жеті атасын тану	Туыстық қарым-қатынастар, туыстық атаулармен жеті ата туралы түсінік беру	1
	14	Әдептілік әліппесі	Айналадағы қоршаған адамдардың іс-әрекетін бағалап жылы шырай білдіру, сыпайы сөйлеу, әдептілік сақтау.	1
	15	Достық қарым-қатынас	Достық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, бауырмалдыққа баулу, жағымсыз жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу.	1
	16	Үлкендердің еңбегін бағалау	Балаларды ауылдағы адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы басты еңбек түрін ажырата білуге үйрету. Жыл мезгілдеріне қарай еңбек түрлері және қолданылатын техника құралдары жайлы білімдерін дамыту. Әңгіме арқылы ойын, қиялын дамыту, өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу.	1
<b>Ұлттық</b>	17	Киіз үй, оның	Киіз үй жабдықтарымен таныстыру.	1

<b>сәндік-қолданбалы өнер</b>		жабдықтары	Киіз үй және оның жабдықтары туралы бәләмдерін кеңейту. Киіз үй жабдықтары туралы айтып, балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтауға булу.	
	18	Ұлттық киім үлгілері	Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы түсінік беру, ұлттық киімдердің әсемдігін көрсете отырып, оларды әдемілікке, көркемдікке баулу. Тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру.	1
	19	Әшекейлік бұйымдар	Қазақ халқының шеберлігін, ұлттық ою-өрнектерінің әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.	1
	20	Ұлттық көлік түрлері	Қазақ этнопедагогикасы арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыру, ұлттық көлік түрлеріне қызығушылығын арттыру.	1
<b>Салт-дәстүр ұрпаққа өнеге</b>	21	Шілдеhana	Тәрбиеленушілерді халықтық салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу.	1
	22	Сүйінші сұрау	Ұлттық мұраны қайта жаңғырту мақсатында әрбір жас ұрпаққа болашақта халқына қызмет ететін салт-дәстүрдің жанашыры болатын ұрпақ тәрбиелеу.	1
	23	Бесікке салу	Балаларды ұлттық әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. «Бесікке салу» дәстүрін көрсетіп, бесік жырын тыңдату.	1
	24	Тұсау кесу	Балаларға салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар үйрету арқылы балаларды әдептілікке тәрбиелеу.	1
<b>Ұлттық тағамдар</b>	25	Ас атасы нан	Дән тұқымымен танысу, бидайдан нан жасалынатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру. Диханшылардың еңбегімен таныстыру. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	1
	26	Ұлттық тағамдар	Ұлттық тағам түрлері мен оның жасалу жолдарымен таныстыру, ұлттық тағам түрлерінің қалай жасалатыны туралы, пайдасы туралы түсіндіру.	1
	27	Ағарған үзілмеген қазақпыз, түрлі дерттен азатпыз	Сүттің құрамын, сүт өнімдерінің адам денсаулығына пайдасымен таныстыру. Сүттен жасалатын тағамдардың жасалу жолдарын түсіндіру.	2

<b>Табиғат тынысы</b>	28	Табиғатты аялайық «Құстар біздің досымыз»	Туған жердің байлығы орман, тоғай, жануарлар, құстар, өсімдіктермен таныстыру. Оларға қамқор бола білуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	2
	29	Жыл мезгілдері туралы мақал-мәтелдер	Жыл мезгілдері туралы балаларға мәліметтер беру. Әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерімен таныстыру. Ой-өрісін дамыту, Табиғаттың әр кезеңінде әртүрлі өзгерістер болатынын байқауға дағдыландыру.	1
	30	Туған жердің табиғаты	Туған өлке туралы мәлімет беру. Сурет арқылы әңгіме құрауға үйрету, туған жердің табиғатын, қалаларын, көлдерін, өзендерін таныстыру, туған жеріне қамқор болуға тәрбиелеу.	1